

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

7M04 - Бизнес, басқару және құқық
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M041 - Бизнес және басқару
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0410

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M072 - Менеджмент және басқару
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M04114 - Іскерлік әкімшілендіру (Executive MBA)
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Зейнуллина а.Ж.
БББ менеджері Исакова М.С.

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Гуманитарлық-экономикалық факультетінің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында 2024 жылғы 15 қаңтардағы No2 хаттама.

Бизнес жоғары мектебінің Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында

Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды

2024 жылы "06" маусым, №1 хаттама

Комиссия Төрағасы Исакова М.С.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д. Р.

Бизнес-зерттеу

| | |
|-------------------------|-------------------|
| Пән циклі | Бейіндеуші пәндер |
| Курс | 1 |
| Академиялық кредит саны | 3 |
| Білімді бақылау нысаны | Емтихан |

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс экономикадағы жобалық-бағдарланған тәсілге, сапалық және сандық тәсілдерге негізделген нарықтық механизмдерді бағалау, тұтынушылық мінез-құлық, бәсекеге қабілетті шаруашылық қызметінің басқа да маңызды элементтері қолдануға мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік және экономика саласындағы зерттеулерді жобалау, деректерді жинау, талдау және түсіндіру бойынша жинақталған әдістерді қолданып, маркетингтік зерттеулер жүргізу. Кәсіпкерліктің жаңа түрлерін құрудың және кәсіпкерлік жобаларды іске асырудың мүмкін болатын баламалары бағаланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Тәуелсіз маркетингтік зерттеулер: анкета, сұхбат, фокус-топтар, бақылау, эксперимент сияқты әдістерді пайдалана отырып, талдау жүргізу арқылы білім алушылардың нарықтық механизмдерді, тұтынушылардың мінез-құлқын, бәсекелестік ортаны және кәсіпорындардың экономикалық қызметінің басқа да маңызды элементтерін зерттеу және бағалау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON1 Тұрақты өзгерістер жағдайында құндылықты құру үшін бизнес-шешімдерді қабылдау кезінде стратегиялық, кешенді және инновациялық әдістемелерді қолдану.

ON2 Сандық және сапалық әдістерді қолдана отырып, халықаралық бизнес трендтерін талдау, жаһандану жағдайында әлеуетті мүмкіндіктерді анықтау және стратегиялық шешімдер қабылдау.

ON3 Халықаралық құқықтық нормалар мен жауапкершілікті негізге ала отырып, жаңа компанияның стратегиясын немесе қолданыстағы бизнестегі жаңа бағытты қалыптастыру.

ON9 Экономикадағы, адам өміріндегі жаңа технологиялар мен дизруптивті түрлендірілуге бағдарланған тұрақты даму бағдарламаларын әзірлеу.

ON10 Идеялар мен нәтижелерді таныстыра білу, аудитория алдында сөз сөйлеу, бизнес, басқару мен жеке өсу саласындағы кәсіби міндеттерді шешу үшін осы дағдыларды пайдалану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- Маркетингтік ақпарат жүйесі және бизнесті зерттеудің рөлі туралы түсініктерді қалыптастыру;
- Іскерлік зерттеулердің бағдарламасы мен әдістемелік материалдарын әзірлеу үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Іскерлік ақпаратты жинау және өңдеу әдістерін қолдану бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру;
- Кәсіпорындардың шаруашылық қызметіндегі іскерлік зерттеулер нәтижелерін талдау әдістері мен енгізу принциптерін зерттеу.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Стратегиялық менеджмент

| | |
|-------------------------|-------------------|
| Пән циклі | Бейіндеуші пәндер |
| Курс | 1 |
| Академиялық кредит саны | 3 |
| Білімді бақылау нысаны | Емтихан |

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазіргі заманғы ұйымдастыру және стратегиялық талдау әдістерін теориялық зерттеу және қолдану тәжірибеде жоспарлау. Стратегиялық жоспарлау түсінігі, оның анықтамасы және әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік стратегиялық менеджмент түрлері, заманауи ұйымды басқару тұжырымдамаларын зерттеу, ұйымның стратегиялық талдауын жүргізу дағдыларын дамыту. Қалыптасу мен дамудың әлемдік тәжірибесі мысалында жоспарланған бизнес моделінің артықшылықтары. Әртүрлі әлеуметтік-экономикалық жүйелер. Шетелдердің тәжірибесіндегі жоспарлау экономикалық прогресті жеделдету құралы ретінде.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқу мақсаты магистранттардың заманауи ұйымды стратегиялық басқару ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру және стратегиялық талдау мен жоспарлау әдістерін практикалық қызметте қолдану.

Оқыту нәтижелері

ON1 Тұрақты өзгерістер жағдайында құндылықты құру үшін бизнес-шешімдерді қабылдау кезінде стратегиялық, кешенді және инновациялық әдістемелерді қолдану.

ON2 Сандық және сапалық әдістерді қолдана отырып, халықаралық бизнес трендтерін талдау, жаһандану жағдайында әлеуетті мүмкіндіктерді анықтау және стратегиялық шешімдер қабылдау.

ON3 Халықаралық құқықтық нормалар мен жауапкершілікті негізге ала отырып, жаңа компанияның стратегиясын немесе қолданыстағы бизнестегі жаңа бағытты қалыптастыру.

ON9 Экономикадағы, адам өміріндегі жаңа технологиялар мен дизруптивті түрлендірілуге бағдарланған тұрақты даму бағдарламаларын әзірлеу.

ON10 Идеялар мен нәтижелерді таныстыра білу, аудитория алдында сөз сөйлеу, бизнес, басқару мен жеке өсу саласындағы кәсіби міндеттерді шешу үшін осы дағдыларды пайдалану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

стратегиялық менеджмент ерекшеліктерін және стратегиялардың түрлерін, ұйымды басқарудың қазіргі заманғы тұжырымдамаларын зерттеу; ұйымның стратегиялық талдауын жүргізу дағдыларын дамыту – қазіргі заманғы ұйымның стратегиясын әзірлеу процесі туралы білімдерді қалыптастыру;

стратегиялық талдау және жоспарлау әдістерін тәжірибеде қолдану дағдылары мен дағдыларын дамыту.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік жобаны орындау

| | |
|-------------------------|---------------------------------|
| Пән циклі | Бейіндеуші пәндер |
| Курс | 1 |
| Академиялық кредит саны | 18 |
| Білімді бақылау нысаны | Практика бойынша қорытынды баға |

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Эксперименттік – зерттеу жұмысы теориялық білім мен қабілеттерді ұштастыруға мүмкіндік береді. Өз жұмысын дұрыс ұйымдастыру, уақытты ұтымды бөлу, мәтінді логикалық тұрғыда құрастыру дағдыларын меңгереді, материалдарды өңдеп, ғылыми терминологияны пайдаланады. Сонымен қатар, тағылымдамадан өту кезінде инновациялық жаңалықтармен, технологиялар мен өндірістің жаңа түрлерімен танысып, тиісті салалардың, ұйымдардың қызметтерін зерттейді. Тағылымдамада игерген құзіреттіліктері магистрлік жобаны орындауға мүмкіндік береді

Пәнді оқыту мақсаты

Эксперименттік – зерттеу жұмысының мақсаты – теориялық білімді тәжірибеде ұштастыра отырып, заманауи әдістермен ғылыми жобаны орындау

Оқыту нәтижелері

ON6 Тиімділіктің дербес әдістемесін қолдану және тұлғалық өсу түсінігі мен табысты көрсету.

ON9 Экономикадағы, адам өміріндегі жаңа технологиялар мен дизруптивті түрлендірілуге бағдарланған тұрақты даму бағдарламаларын әзірлеу.

ON10 Идеялар мен нәтижелерді таныстыра білу, аудитория алдында сөз сөйлеу, бизнес, басқару мен жеке өсу саласындағы кәсіби міндеттерді шешу үшін осы дағдыларды пайдалану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- экономикалық есептеуге қажетті кіріс мәліметтерді жинау және субъектілердің қызметін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді талдау қабілетін көрсетеді;

- бизнестегі инвестициялық және инновацияларды басқару процестерін біріктіру мақсатында үлкен ақпараттық және сандық деректерді өңдеуді жүзеге асырады.

-кәсіпорынды басқара алады және стратегиялық шешімдер қабылдай алады

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау